



Астана қаласы ТЖД «ОС және АКЖК» ММ «Кутқарушы» спорт кешенінде негізінде «Жас кутқарушылар жасақтарының» қалалық жарыстары өтті. Спорттық жарыстарды республикалық БАК оқилдері қамтыды. Аталмыш іс-шараға Астана қаласы ТЖД басшылығы қатысты.

Қалалық жарыстардың ақтық сайыстарында Астана қаласы білім ордаларының 6 тобы қатысты. «Алматы» ауданы бойынша ТЖ басқармасының атынан №30 мектеп-лицейі мен №28 орта мектебі қатысты. Ал № 19 және №20 орта мектептердің құрамалары «Сарыарқа» ауданы бойынша ТЖ басқармасының намысын қорғады. Сонымен қатар, №69, №71 орта мектептің құрамалары «Есіл» ауданы ТЖ басқармасын таныстырды.

Қалалық жарыстардың қорытындылары бойынша, жеңіс тұғырынан «Сарыарқа» ауданына қарасты №20 орта мектебінің құрамасы кірді, екінші орынды «Есіл» ауданының №79 мектеп-лицейі иемденсе, үшінші орыннан «Алматы» ауданының №28 орта мектебінің құрамасы қорінді.

Ал «Ең үздік сурет» конкурсында №20 мектеп-лицейінің құрамасы топ жарды.

Спорттық жарыстардың жеңімпаздары мен қатысушыларына медальдар, құрмет грамоталары мен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Бұл жұмыстар балалардың өзімен ойнауынан болатын орттерді алдын-алу, оларды ТЖ болған кезде алғашқы жасайтын әрекеттерді үйрету және де кутқарушылардың қызметтерімен танысу мақсатында жүргізіліп отырады.

Мүмкін бұл балалардың біреуі жарысқа қатысқаннан сон кутқарушы болуыға ниет білдіретін шығар, бізде ҚР ІІМ ТЖК Кокшетау техникалық институты бар, ол жерде тотенше жағдайларды алдын-алу және жою саласындағы мамандарды дайындайды.

